



# ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Драма қалай жазылады? Біреуді сөзі  
деп байғам қарама





## I.

Армысыздар. Әдеттегідей белгілі американдық телевизия білгірі Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабы бойынша дайындалған дәрісті бастаймыз. Ол бір бөлігі болса, дәрістің екінші жартысында отандық журналистерге қажет деп санайтын өз ойларымызбен бөлісеміз. Біз бұл жолы кейіпкерлердің сұхбатын жөндеу керек пе, жоқ қалай айтылды солай пайдалану керек пе, соған тоқталамыз.

Алдымен, драмалық шығарма қалай жазылады? Екі сағаттық деректі фильмде, керек десеніз 30 секундтық роликте драма сақталғанда ғана оның сценаріі қисынды болады. Бұл қисын үшін экспозиция, жанжал, жадағай емес, күрделі әрекеттер, оқиғалардың шарықтау шегі мен оның шешімі керек.

Мысалға жарнама ролигін алайық. Онда проблема, жанжал болады. Оның күрделі, өмірде шешімін таппағаны аңғартылады. Сосын бұл проблеманың қандай зат немесе қызмет арқылы реттелетіні көрсетіледі.

Ал барлық деректі фильмдерде драмалық оқиғалардың ортасында адам жүреді. Ол нақты өмірлік фактілерге тап болады.

Әлемдегі ең беделді театр сыншысы, әрі педагогі Брандер Мэтьюз өзінің «Драманы дамыту» атты кітабында «Драмалық ұстанымдар тек театр сыншылары орнықтырған ережелер емес, ол өнер табиғатына тән құбылыс» деп жазған.

Осындай қайшылықті немесе жанжалды тауып, соны қолдану арқылы драма жаза саламын деу бос әуре. Драматургия шығармашылық өнер. Өмірде көрген әйтпесе естіген, не тікелей куә болған қақтығысты шебер де шымыр жазып шығу үшін талант та, шабыт та, шеберлік те қажет.

Телевизияға арнап драма жазғысы келетіндер алдымен сахналық сценарийдің яғни пьесалардың табиғатын жақсылап зерттемей болмайды. Содан кейін оны ойнату және түсіру техникасымен жеткілікті танысады.

Өмірден пьесаға өзек тапқан автор осы идеяны қалай ойнатуды ойлайды. Кім бірінші қатардағы кейіпкер болуы керек, екінші қатардағы кейіпкерлер сапында кімдер тұруы керек, соған мән береді.

Роберт Хиллиардтың «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» деген кітабына жүгінсек, драма өмірдегі жағдайдың үлкейтілген көрінісі. Ол тіршілікке деген көзқарасты өзгертуге көмектеседі. Қарым-қатынасты қайта қарастыруға жөн сілтейді.

Кейде автордың керемет қайғылы, немесе керісінше керемет күлкілі әрі өте шиеленісті деп тапқан оқиғасы көрермендер үшін қалыпты, іш пыстырарлық оқиға ретінде қабылданады.

Өйткені өмірде болып жатқанның бәрін сахнаға немесе экранға тықпалау жөн емес. Демек көпті қызықтыратыны даусыз оқиға ғана іріктеліп, соған қалам тербеледі. Бір тақырыпты бірнеше актер ойнайтын тұтас шығармаға айналдыру әсте оңай емес.

Нью-Йорк таймс газетіндегі мақаласында Чарльз МакГрат «қылмыс пен жаза» және «заң мен тәртіп» атты телевизиялық драмалардың штаттағы сценаристерінің жұмысын сипаттады. Олар түрлі тәсілдерге жүгінген екен. Қылмыс туралы жазған газеттердің тақырыптарын жинаған. Өлім жазасы туралы пікірталастарды тыңдаған. Міне осында айтылған идеялардың бәрін өздерінің телевизиядағы драма жанрына пайдаланған.

Өмірде әлдебір жанжалды жағдайды көру немесе есту болашақ сценарийдің дәні ғана. Оны барынша өсіріп, кеңейтеді. Мұнда драмалық негіз бар ма дегенді ақыл таразысына салады. Егер иә осы дәннен бидай өсіруге мүмкіндік бар деген жағдайда соны пьесаға арқау етеді.

Пьесаны жоспарлау өте қиын жұмыс. Әрекеттер сатылап жүріп отырсын. Персонаждар мінез, парасат, ой өрісі жағынан әр көрініс сайын өсе, толыса түссін. Осы даму процесі бұзылмай сақталады.

Содан кейін автордың ешбір кейіпкерге бүйрегі бұрмауы керек. Пьесаны жазып отырған жанға оның қиялындағы адамдардың бәрі бірдей болуы тиіс. Егер бір кейіпкерге жанашырлық танытылса, онда ол ешбір кемшілігі жоқ, керемет адам болып сипатталады. Ал өмірде ондай емес қой.

Бұл дәрісінің соңында Роберт Хиллиард мырза телевизиядағы драмалық дүниенің үш шешуші элементін еске салады. Оның бірі кейіпкер, екіншісі оқиғаның шиыршық атуы, үшіншісі сахнадағы диалогтар. Осы үшеуі үйлескенде экран алдындағы көрермендер аһ ұратын таласыз туынды жазылары анық.

Бұдан әрі біз американдық әріптесіміздің сіздерге жолдаған кезекті ақылын аяқтап, өзіміздің сабақты бастаймыз. Ол тілші немесе журналист сұхбаттасып келген тұлғаның сөздерін сол қалпы жария ете ме, жоқ па дегенді талдауға арналған.



## II.

Телевизия мен баспасөзде жиі қолданылатын жанрлардың бірі сұхбат екендігі белгілі. Сұхбат жанрының бағдарлама сценарийі мен мақалаға қарағанда бірнеше жеңілдігі бар. Біріншіден, онда мәтінді бастан-аяқ жазып әуре болмайсың. Өйткені, сұрақтарды дайындап қойсаң болғаны, қалған мәтінді сұхбаттасушы өзі толтырады. Оның үстіне сұхбат қандай тақырыпта өрбісе де, журналистке оның бүге-шігесін анықтап, алдын ала терең зерттеудің қажеті шамалы. Жан-жақты әрі терең әңгімені тілшіге студияға келген қонақ немесе өз жұмыс орнында, үйінде, тіпті басқа орындардың бірінде сұхбатқа келуші өзі айтып, түсіндіріп береді.

Сондықтан журналистердің көпшілігі бұл жанрға атүсті қарайды. Осыдан барып өздерін де, қызмет ететін ақпарат құралын да ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Тіпті, тілшіге сеніп сұхбатқа келген қонақтың өзі кей жағдайда эфирге шыққан, баспасөзде жарияланған материалдың мәтінін оқығанда немесе тыңдағанда одан бас тартатындай күйге түседі. Осының бәрі сұхбатты жазып алып, ақпарат құралына дайындаған тілшінің білімсіздігі мен біліктілігі төмендігінен туындайды. Қазір мұндай мысалдардың бірнешеуіне көңіл аудартамыз.

Біздің назарымызды аударған Қазақстан Республикасының бұрынғы қорғаныс министрі, Парламент депутаты, Халық қаһарманы Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевпен Қазақстан армиясының қалай құрылғаны жөніндегі сұхбат еді. Бұл сұхбат мемлекет есебінен қаржыландырылатын «Казконтент» атты мекемеге қарасты тарих тақырыптарында материал шығаратын сайтта жариялады. Сайт тапқан кейіпкер генерал Алтынбаев тәуелсіз Қазақстан армиясы қалай құрылғанын толық білетін әскери мамандардың бірі. Өйткені, ол жылдардағы оқиғалардың ортасында тікелей өзі болған. Ең қызығы біз сол кезде мемлекетіміздегі ең танымал да белсенді ақпарат құралы «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет етіп жүріп, дербес армиямыздың қалай құрылып жатқаны жөнінде бірнеше мақала шығарғанбыз. Сондықтан бұл тақырып өзімізге де қызық болып, сайттағы материалды құныға оқып келеміз.

Сұхбатта Мұхтар Қапашұлы Түркіменстандағы дивизия командирі қызметінде жүріп, 1991 жылдың аяғында Мәскеудегі Съездер сарайында өткен Кеңес армиясы офицерлерінің жиналысына қатысқанын еске алады. Ары қарай оқыдық: «Осы жиында Кеңес Қарулы күштерінің не үшін жиналғанын, алдағы уақытта қалай болады, кім қайда барады, ешкім білмейді. Шулаған халық. Кеңес одағы жоқ, тәуелсіз елдер құрылды, жүйе өзгерді. Шапошников Матвей Кузьмычтің (КСРО Қарулы күштерінің сол кездегі бас қолбасшысы – ред.) өзі ештеңені түсіндіріп бере алар емес» деп жазылыпты.

Тоқтаңыз. Қайдан шыққан Матвей Кузьмыч? Мұхтар Алтынбаевтың бұл жерде Шапошников деген фамилияны айтқанымен Матвей Кузьмыч деуі мүмкін емес. Себебі 1991 жылғы «Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет» дегеннің бүлігінен кейін 23 тамызда Евгений Иванович Шапошников СССР Қорғаныс министрі болып тағайындалғанын білетінбіз. Өзін көрдік, тілші ретінде ортақ қорғанысқа қатысты сұрақ қойғанымыз бар. «Жаман жегенін айтады» деп жүрмесін, бірде ғайыптан тайып дастарханда қатар отырғанымызды сипаттамайық.

Сонымен біз көрген КСРО Қорғаныс министрі Шапошниковтың аты-жөні – Евгений Иванович болатын. Авиация маршалының погонын тағып, әскери форма киген сұлу кісі еді. Язовқа қарағанда түсі жылы болатын. Өзі әлі тірі болар, өйткені жаманаты жеткен жоқ. Бір жылдары «Аэрофлотты» басқарды. Одан бері хабарымыз жоқ.

Бұл Шапошниковты біздің Мұхтар Алтынбаев ағамыз жақсы танитын. Өр беріден кейін екеуі де әскери ұшқыш болды. Маршал Шапошников КСРО Әскери-әуе күштерінің бас қолбасшысы болғанда біздің жерлесіміз Түркіменстандағы әскери әуе күштері дивизиясының командирі қызметін атқарып, оған тікелей бағынды. Талай командаларын орындады. Ендеше сол Шапошниковтің атын білмеуі, одан қателесуі мүмкін емес. Шамасы сұхбат кезінде генерал Алтынбаев тоқсаныншы жылдардың басындағы бүкілодақтық офицерлер жиналысы кезінде бас қолбасшы Шапошниковтің өзі шештенені түсіндіріп бере алмады деген. Оның атын-жөнін нақтылап айтпаған.

Ал Матвей Кузьмыч деген адамның аты мен оның әкесінің атын тауып қосқан сұхбатты жазып келген сайт редакторы екен. Әрі сайт осы тұсқа ерекше назар аудартып, автордың мәтініне қосымша жақшаға алып «КСРО Қарулы күштерінің сол кездегі бас қолбасшысы – ред.» деп жазыпты. Демек, бұл «оқырмандар, сеніңдер, бар жауапкершілік бізде» дегені болар. Осы жерде біз ледакцияның бір емес екі қатесін түзетіп берелік.

Негізі Евгений Иванович, бірақ сайт Матвей Кузьмыч деп судыратқан Шапошников сайт редакциясы түсінік бергендей «КСРО Қарулы күштерінің сол кездегі бас қолбасшысы» болған жоқ, жоғарыда



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Драма қалай жазылады? Біреуді сөзі деп байғам қарама  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

айтқанымыздай КСРО Қорғаныс министрі еді. 1990 жылғы 14 наурызда КСРО Конституциясына еңгізілген өзгеріс бойынша «КСРО Президенті КСРО Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып табылады». Ал КСРО-да бірінші және соңғы Президент кім болғанын білетін шығарсыздар. Сол Горбачев 1991 жылғы 25 желтоқсанда Президенттік өкілеттігін тоқтату туралы жарлық берді. Онда «КСРО Президенті қызметінен отставкаға кетуіме байланысты өзімнен КСРО Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы өкілеттігін алып тастаймын» деп көрсетілген. Оның алдында 21 желтоқсанда Алматыда 11 одақтас республиканың Президенттері, арасында Беларусь Республикасында онда Президент қызметі еңгізілмегендіктен ол елдің Жоғары Кеңес төрағасы жүрген, Кеңес Одағының таратылғанын мәлімдейді. Сол алқалы басқосудан репортаж жазғанбыз. «Егемен Қазақстанның» ескі тігінділерінде сақталған шығар. Әлгі жиында «Е. И. Шапошниковтің таратылғанда дейін КСРО Қарулы Күштеріне қолбасшылық етуі» туралы хаттамаға да қол қойылды. Ешқандай Бас қолбасшы емес.

Сонда, Матвей Кузьмич қайдан шықты, Бас қолбасшы қайдан шықты? Қазаққа түсінікті тілмен айтсақ, «мен не деймін, қобызым не дейді?» өзі болған да қойған. Сайттың «Матвей Кузьмич Шапошников» деп жазғаны – алдымен қадірменді Мұхтар Алтынбаевтың алтын басын ұятқа қалдырғаны. Сұхбат авторы сұхбаттасушы айтпаған аты-жөнді қоса салу арқылы үлкен қате жіберді. Өзінің ғана емес, ақпарат құралының беделін түсірді. Оның үстіне бұл үнемі тарихи тақырыптарды толғайтын сайт еді. Мына қатеден соң оның барлық материалдарына күмәнмен қарайтын болдық. Ал ақпарат құралының басшылығы Мұхтар Алтынбаевтан ресми кешірім сұрады ма, жоқ па, ол арасын біз білмедік.

Енді мына Матвей Кузьмич қайдан шықты? Соны анықтап берелік. Кеңес Одағының әскери тарихында екі Шапошников болғаны рас. Оның біріншісі Матвей Кузьмич Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысты. Түрлі әскери құрылымдар мен штабтарды басқарды. Сол тұста Сталиннің қасында жүрді. Бірақ Кеңес Одағы ыдырайтын тұстағы әскери қызметте оның аты да, заты болмаған. Ол тек тарихи кітаптар мен анықтамалықтарда аты қалған тұлға еді. Демек, сайт тілшісі генерал Алтынбаевпен сұхбаттасып келген соң оны қағазға түсіріп отырғанда Шапошниковтің аты-жөні кім еді деп анықтамалықты, тіпті интернеттегі Гуглді ақтарған. Сонда алдымен көзге түскені Матвей Кузьмич Шапошников болған да, ары іздеместен әрі байыбына бармастан жаза салған. Міне, жауапсыздықтың үлкен көрінісі осындай. Сұхбат берушінің ыңғайсыз жағдайға қалдыру деген осы.

Мына сұхбатты ары қарай оқыдық. «Мен өзім білетін екі азаматтың алдында өзімді ыңғайсыз сезінемін. Бірі – марқұм болып кетті генерал Лявтев деген 40-шы армияның қолбасшысы. Сол кезде менің таңқалғаным, ұлты орыс бола тұра, ана жақтан «ананы әкел, мынаны әкел» деген бұйырықтарды орындамады» деп ағынан жарылады Мұхтар Алтынбаев». Үзіндінің соңы. Бұрынғы министрдің, генералдың айтып отырған «Лявтеві» кім деп аң-таң болдық. Біз білгенде Қазақстандағы 40-шы армияның қолбасшысы Анатолий Семенович Рябцев еді. Өзін көрдік. Алғашқы қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің бірінші орынбасары да болған. Осы беріде Қазақстанда өмірден өтті. Армия тұрмақ облыс басқарғанның талайы Ресей, тіпті Германия асып кеткенде, Анатолий Семенович «Қазақстан – менің елім» деп қалып еді. Сайттың мына жазбасы әруағының алдында ұят қылық болды. Тірі Шапошниковтен өйтіп-бүйтіп кешірім сұрауға болар, «Лявтев» болып кеткен Рябцевті қайтеміз?

Білмейтін жастар үшін айта кетелік, 1991 жылдың соңында штабы Алматыда болған 40-шы армияның қолбасшысы Рябцев өзі бағынатын Түркістан әскери округының қолбасшысы Кондратьевтің «барлық әскери техниканы, байланыс құралдарын, киім-кешекті, азық-түлікті, жанар-жағар майды дереу Қазақ КСР-і аумағынан алып шық» деген бұйрығын орындамаған. «Мен өз республиканың Президентінің бұйрығына бағынамын» деген. Қазақстанның тәуелсіз армиясы осы 40-шы армияның қару-жарағы, техникасы, базасы арқылы дүниеге келгенін ескергенде Рябцевке сол әрекеті үшін ескерткіш қойса болар еді. Ескерткіш қойған қайда, сайтта аты-жөнін дұрыс жаза алмай жатырмыз. Әрі айдаладағы көп сайттың бірі емес, өздерінің мақсатын: «... барлық қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарына бір ғана сілтемемен қол жеткізуге мүмкіндік беретін ортақ алаң» деп жазып қойған. Ортақ мәлімет алатын орталық алаңда осындай қате кетіп жатса, басқалардан не үміт, не қайыр.

Кейіпкерді оқырман алдында осындай ыңғайсыз жағдайға қалдырудың тағы бір мысалын айталық. Бұл енді сұхбаттасқан адамның сөздерін ешқандай редакцияламастан, аузынан қалай шықты сол қалпы бере салудан туындайды. Сұхбат кезінде кейіпкер түрлі көңіл күйде болады. Толқиды, ыңғайсызданады, тіпті қызды-қыздымен мақатнып кетуі мүмкін. Көңіл-күй әсерімен айтылған мұндай сөздерді елеп-екшеп жариялаған жөн. Әйтпесе, кейіпкерді өздері көрмеген, тек мына сұхбатты оқу арқылы тануға тырысқан оқырман алдында оның бейнесі басқаша қалыптасуы ғажап емес. Бүгінгі дәрісімізде бұған да мысалымыз бар. Бір қалалық қазақ тілді басылым белгілі режиссер Талғат Теменовке өзінің тілшісін жіберіп сұхбат





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Драма қалай жазылады? Біреуді сөзі деп байғам қарама  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

күрған. Оны еш өңдеп, редакциялап берместен жариялаған. Ал сосын бұл сұхбатты және басқа басылым көшіріп басқан екен. Біз осы сұхбаттан бір ғана абзацты байыптап оқып шығалық:

« ...Сондықтан менің кейіпкерлерімнің барлығы бүгінгі халыққа танымал. Мен таныған, мен ашқан жұлдыздардың саны бүгінде ұшан-теңіз. Бойымда Алла Тағаланың берген таланты, дарыны болса, соны қолымнан келгенше халықтың игілігіне жұмсағым келеді. Театр және кино өнеріндегі туындыларым халықтың жүрегіне жол тапса, бұл мен үшін өмірдегі және өнердегі ең үлкен бақыт. Талғампаз көрермендердің көңілінен шықсам, мен үшін ең үлкен қуаныш. Биыл мен еліміздегі 5-6 халықаралық театр фестивалінде қазылар алқасының төрағасы ретінде тағайындалдым. Сондай-ақ, Бішкектегі, Ялтадағы халықаралық театрлар сайысында да қазылар алқасының құрамында болдым. Шет елдердегі фестивальдерге мені шақыруы маған деген құрмет емес, қазақ халқына деген құрмет деп түсінемін. Мен басқа біреулер секілді түшкіріп қалса, әлемге жар салып, Instagram мен Facebook парақшасына өзімнің суретімді қоятын адам емеспін. Әлі күнге дейін мен осы екі әлеуметтік желіде тіркелген жоқпын. Біріншіден, менің оған уақытым жоқ. Екіншіден, мен инстаграм мен фейсбукта отырсам, пьесаны кім жазады? Сценарийді кім жазады? Пьеса демекші, мен жақында Оралхан Бөкейдің «Мынау аппақ дүние», «Қар қызы», «Қасқыр ұлыған түнде» атты үш әңгімесінен пьеса жаздым...»

Көлемді сұхбаттың орта тұсынан алынған үзікте бар болғаны 14 сөйлем екен. Он төрт сөйлемде шылау ретіндегі екеуін ескермегеннің өзінде 12 рет «мен» есімдік сөзі кездеседі. Оған 1 «маған» мен 1 «өзімді» қосқанда тура 14 болды. Теменов – атағынан ат үркетін режиссер, қалай сөйлесе де жарасады, тілшінің алдында шабыты кернеп, кеуде соғып көсілді делік. Ал сұхбатты әзірлеген журналистке не жорық? Мына қалпында оқырманға ұсыныла салынған материалдың Теменовті жақсы жағынан танытпасын қалай аңғармаған?! Материалды нөмірге жіберген кезекші немесе оны оқып, қол қойған редакция басшыларының бірі қайда қараған?! Теменовтің өзіне айтар сөз жоқ. Тура 100 қойдан 100 қозы өргізетін кеңес заманының шопаны сияқты: 14 сөйлемге – 14 «мен»! Енді осы «мен» мен «маған» және «өзім» деген есімдіктерді сұхбатты қағазға түсіру мен одан кейінгі редакциялау барысында барынша азайтуға болар еді ғой. Одан Теменовтің еңбектері көрінбей қалмайды. Бәрі тегіс айтылыпты. Тек он рет оған кезде соққызу арқылы газет кейіпкерді асқақтатып тұрған жоқ сияқты. Міне сұхбат жанрына да абайлап қарау керектігінің кезекті мысалы осындай.

Бірнеше кітап жанымызда тұратынын бұрын да айтсақ керек. Жазу барысында емес, оған дейін аздап парақтап аламыз. Ойды шынықтыру, аздап іштей от алу үшін. Бұған дейінгі дәрістеріміздің бірінде журналист те жазуға кіріспен бұрын өз моторын қыздырып алуы керек дегенбіз. Футболға ойын ортасынан қосылатын спортшы біраз уақыт алаң шетінде жүгіріп, секіріп дегендей денесін қыздырып алмай ма? Сол сияқты журналистке де жазардан бұрын ой қыздырып алу өте маңызды.

Біздің ой қыздыратын құралымыздың бастысы – жазу үстелінің жанындағы кітаптар. Олардың арасында Қадыр Мырза Әлидің «Иірім» кітабы да бар. Енді оны оталу үшін емес, ой салу үшін арнайы ашуға тура келді. Себеп болған – белгілі журналистің әлеуметтік желідегі сұхбаты. Бұл мына дәрістегі үшінші және соңғы мысалға жарайтын сұхбат еді. Бұл жолы кейіпкердің аузынан шыққан сөзді сол қалпы жариялау түрлі грамматикалық және синтаксистік қателерге ұрындыратынын түсіндірмекшіміз.

Ол журналист қытайтанушы Жұмабек бауырымен сұхбаттасыпты. Жұмабектің аты бар да, сойы көрсетілмеген. Айтқан пікірлері көршілес елдің шамына тиіп қалып, кейін соңына түсер деген күдігі болуы мүмкін. Онысына кешіріммен қарадық. Сұхбат өте мазмұнды. Терең ойға толы. Бір өкінішті жері – журналист сұхбатты еш өңдемеген. Қалай естіді, солай қағазға, анығында компьютерге түсірген.

Иә, сұхбат беруші сөйлеп отырғанда тілдің барлық заңын сақтай қоймайды. Өйткені, ол ойын жеткізуге ғана тырысады. Әрі, әдетте сұхбат берушілер қазақ тілінің маманы емес. Тіпті, көбі орысша оқыған.

Барынша тырысып ойдағысын ақтарған адамның сөздерін сол кедір-бұдыр қалпы ұсыну – журналистке абырой емес. Өзіне сұхбат беруге келіскен маманды ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Ал бұл – азаматтық болмаса керек. Бұған журналистің міндеті біреудің аузынан алынған сөзді сол қалпы түсіріп берумен шектелмейтінін, оны редакциялауға, саздан жасалып жатқан көзенің сыртын сылаған шебердей әспеттеуге де міндетті екенін қосыңыз. Мына сұхбат ой жағына терең болғанмен, редакциялау жағынан жұтаң шығыпты. Қытайтанушы Жұмабекке жанымыз ашыды да, оның әңгімесін жазып алған тілшіге қарнымыз ашты.

**БІРІНШІ МЫСАЛ**дан бастайық. Сұхбатта: «Сол себепті Қазақстан Қытайдағы қандастарының мүшкіл жағдайына бейжай қарамауымыз керек.» депті. Міне, осы мысалды келтіргенде әлгі қол созым жердегі «Иірім» кітабына үңілдік. Онда Қадыр Мырза Әли ағамыз былай жазыпты: «Хамаң барып тұрған өзімшіл адам еді. Ол тіпті, «біз» деп басталған сөйлемді аяғында «менмен» бітіретін. Мысалы, «Біз осыдан бірнеше



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Драма қалай жазылады? Біреуді сөзі деп байғам қарама  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

жыл бұрын қырық жазушы болып Қарағандыға барғанымда» дейтін». Қадырдың кітабынан үзіндінің соңы. Осының кері келіп тұр. Қазақстан жекеше зат есім болғандықтан, сөйлемнің етістігін көптік жалғаумен бітіруге болмайды. «Қазақстан ... қарамауы керек» деп жазылады. Ал көптік жалғауын жалғасысы келіп тұрса, онда сөйлемнің басына міндетті түрде көпше есімдік қосады. «Біз – Қазақстан ... қарамауымыз керек».

Автордың ойына еш нұқсан келген жоқ. Бірақ, сөйлемі түзетілді. Көп жұмыс емес, бірінші нұсқада «мыз» көптік жалғауын алып тастадық, екінші нұсқада «біз» сөзін қостық. Екінші – бірі.

Ендеше түсінікті болса ЕКІНШІ МЫСАЛға өтейік: «Сондықтан, біз де қарап қалмай тиісінше қыр көрсету қажетпіз деп санаймын.» Ауыз-екі тілде айтылғанды редакцияламай сол қалпы бере салудың ең көрнекі мысалы – осы. «Қажет» сөзі есімдіктің қасында етістік орнында тұрғанда ғана жіктік жалғауы жалғанады. «Мен саған қажетпін», «сен ертең қажетсің», «біз елімізге қажетпіз». Ал есімдік пен «қажет» сөзінің арасында басқа етістік тұрғанда оған жіктік жалғауы жалғанбайды. Жалғау етістікке жалғанады. Демек: «Сондықтан, біз де қарап қалмай тиісінше қыр көрсетуіміз қажет деп санаймын.» Оп-оңай. Көптік жалғауын бір сөзден алып, басқасына жалғадық. Өз орнын тауып бердік. Редакцияладық. Сөйлем түзелді. Осыны неге сұхбаттасып келген тілші істей салмағанына таңымыз бар.

Ендігі кезекте ҮШІНШІ МЫСАЛды келтірейік: «Себебі, Қытайдың қатігез саясаты момын қазақтың келешегіне қауіп тудырмай ма деген алаңдаушылық тудырып отыр.» Бұл сөйлемде «ту» етістігі екі рет жазылыпты. Ал зат есім біреу: «Қытайдың қатігез саясаты». Сонда етістік қай зат есімге бағынады? Әрине бірінші етістікке: «Қытайдың қатігез саясаты ... қауіп тудырмай ма» болмақ. Ал екінші етістік қайда қалмақ! Ол жөнделуі керек: «алаңдаушылық туып отыр.» Сонда мынадай сөйлем шығады: «Себебі, Қытайдың қатігез саясаты момын қазақтың келешегіне қауіп тудырмай ма деген алаңдаушылық туып отыр.» Әлбетте, мықты редактор екі «туыптың» бірін қалдырары анық.

Сұхбаттан алынған ТӨРТІНШІ сөйлемді келтіреміз: «Мысалы, Қытайдың шаған мерекесіндегі басты телеконцерттегі әрбір номерге мемлекеттік талдау жүргізіліп барып бекітіледі.»

Шаған – мерекенің аты болса, бас әріппен жазыларына назар аудармағанда, бұл сөйлемнің де кілтпаны байқалады. Мәселе неде? Тағы екі етістікке бір зат есім жазылған. Содан барып екі етістіктің қайсысы оған бағынары түсініксіз. Не істеу керек? Не екі етістіктің бірін басқа сөйлем мүшесіне айналдырамыз, не екеуіне жеке-жеке бастауыш сөз тауып береміз.

Бірінші нұсқа: «Мысалы, Қытайдың шаған мерекесіндегі басты телеконцерттегі әрбір номер мемлекеттік талдау жүргізіліп барып бекітіледі.» «Номерге» сөзінен жалғауды құрттық. Сонда бір зат есім «номер» мен бір ғана етістік қалды: «бекітіледі». Ал «жүргізіліп барып» сөздері етістіктен пысықтауышқа айналды.

Екінші нұсқа: «Мысалы, Қытайдың шаған мерекесіндегі басты телеконцерттегі әрбір номерге мемлекеттік талдау жүргізіліп барып, ол бекітіледі.» Екі етістік те сақталды, біз тек оның екіншісіне есімдік тауып бердік. Жай сөйлем құрмалас сөйлемге айналып шықты. Әрбірінің өз етістігі – өзінде.

Әрі қарай БЕСІНШІ МЫСАЛ: «Осыдан Қазақстан Қытай үшін маңызды мемлекет екенін айқын байқауға болады. Мен ойлаймын, олар Қазақстанға кейбір бағытта мүдделі екен, ендеше оларға да тиісті дәрежесінде, әрі дер кезінде қарсылық мінез таныта алуымыз қажет. Олар да бізбен санассын!»

Үш сөйлемді тұтас қарауға тура келеді. Себебін қазір түсіндіреміз. Мынау көзге сүйел болып тұрған «мен ойлаймынды» айтпағанда. Бұл – орысшадан аударманың зардабы. Қазақ тілінде «мен» сөз басында, «деп ойлаймын» аяғында келуі керек. Жарайды, ол – бастысы мысал емес. Үш сөйлемді тұтас оқығанда не байқадыңыздар? Қытай – бірінші сөйлемде жекеше зат есім. Сондықтан мағыналас екінші және үшінші сөйлемде оның есімдігі көпше емес, «ол» деп жекеше жазылады. Түзетеміз: «Осыдан Қазақстан Қытай үшін маңызды мемлекет екенін айқын байқауға болады. Мен ойлаймын, ол Қазақстанға кейбір бағытта мүдделі екен, ендеше оған да тиісті дәрежесінде, әрі дер кезінде қарсылық мінез таныта алуымыз қажет. Ол да бізбен санассын!» Екінші және үшінші сөйлемдерден үш жерде көптік жалғауын құрттық. Бәрі орнында, әрі түсінікті.

Біреуден сұхбат алғанда, ауызша тілдесіп келіп, диктофондағы жазбаны қағазға түсіргенде міндетті түрде жауаптылық керек. Анау адамды ұятқа қалдырмай үшін. Редакциялаудан жалықпаңыздар. Алдымен өздеріңізден бастаңыздар!

Тілшілер көшедегі көрінген жанмен сұхбаттаса бермейді. Олардың сұхбат үшін таңдаған адамы әдетте көпте танымал, мемлекет пен қоғамға еңбегі сіңген, өзіндік ойы бар тұлға екендігі түсінікті. Сондай белгілі адамды ыңғайсыз жағдайға қалдыру ақпарат құралдарына абырой әкелер ме. Жазбаша беріген емес ауызша айтылған сұхбаттағы фамилия мен қызметтерді жақсылап қайта тексеру керек. Ерінбей әлгі сұхбатында айтқан адаммен қайта хабарласып нақтылап анықтау қажет. Сол сияқты сұхбаттасқан тұлғаны



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Драма қалай жазылады? Біреуді сөзі деп байғам қарама  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

---

көпшілік алдында төмендетпеу үшін оның мақтанып немесе ызаланып айтқанының мұртын басып отыру журналистің міндеті.

### **Он тоғызыншы сабақты пысықтау:**

Сұхбатты ең оңай жанр деп оған жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Сұхбатта ат үсті айтылған деректерді артынан арнайы тексеріп алу керек

Сұхбаттасушының әртүрлі көңіл-күй жағдайында айтқан сөздерін жарияламас бұрын талғам таразысына салған ләзім

Сұхбаттасушының абыройын ойлау – редакцияның парызы.